

Түркісіб селосындағы Орталық көшесінің атауын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Бесағаш селолық округі әкімінің 2009 жылғы 12 қазандағы N 44 Шешімі. Жамбыл облысы Жамбыл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 04 қарашада 100 нөмірімен тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Түркісіб селосындағы Орталық көшесі тұрғындарының пікірін ескере отырып және «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес **ШЕШЕМІН:**

1. Бесағаш селолық округіне қарасты Түркісіб селосындағы Орталық көшесінің аты Қалдыбекұлы Қармолда атындағы көше болып өзгертілсін.

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бесағаш селолық округінің әкімі

Т. Кожабаев